

Қостанай облыстық мәслихатының 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 313 "Қостанай облысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006 - 2010 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қостанай облыстық мәслихатының 2007 жылғы 12 шілдедегі N 459 шешімі. Қостанай облыстық әділет департаментінде 2007 жылғы 8 тамызда N 3576 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қостанай облыстық мәслихаттың 2006 жылғы 26 сәуіріндегі № 313 «Қостанай облысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006 - 2010 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын бекіту туралы» шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қосымшаға сәйкес Қостанай облысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006 - 2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының (бұдан әрі - Жоспар) 2-бөлімі толықтырылсын;

Жоспардың 32-тармағы алынып тасталсын.

2. Осы шешім ресми түрде алғашқы рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн мерзімі өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезекті, жиырманшы сессияның төрайымы

Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы

М ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 7 жылғы 1 2 ш і л д е д е г і

N 459 шешіміне қосымша

Қостанай облысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006 - 2008 жылдарға Арналған өңірлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N №	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжам- ды шы- ғыстар	Қар- жы- лан- дыру көз- дері
1	2	3	4	5	6	7

2. Сыбайлас жемқорлықты төмендету жөнінде мемлекеттік шараларды жетілдіру

24-1	Қазақстан Республикасында	Облыс әкіміне ақпарат және	"Қостанай облысы бойынша Қазақстан	Жарты жылда 1 рет		
------	---------------------------	----------------------------	------------------------------------	-------------------	--	--

<p>2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысын дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың заңдылығы мәселесі бойынша тексерулер жүргізу</p>	<p>қадағалау актілері</p>	<p>Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаменті"»(ММ) (келісім бойынша), " Қостанай облысы бойынша экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті (қаржы полициясы)" ММ (келісім бойынша), " Қостанай облысының прокуратурасы" ММ (келісім бойынша)</p>	<p>Қаржыландыруды талап етпейді</p>
---	---------------------------	--	-------------------------------------